



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Алматы қ.

04 шілде 2018 жыл

Брокерлік ұйымдарға Қазақстан қор биржасында шетел валюталарымен сауда-саттық жасау құқығы берілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) брокерлік ұйымдарға биржалық нарықта сауда-саттық жасау құқығын ұсынды. Қазіргі уақытта брокерлік жүйелердің биржалық жүйелермен өзара әрекеттесуін болдырмау мақсатында сауда-саттық жүйесі сынақ түрінде қол жетімді болды.

Биржалық валюта нарығына тікелей рұқсаттама беретін брокерлік қызметтерді ұсыну жобасы KASE тарапынан 2016 жылы басталды. Осы жобаның аясында 2017 жылы KASE Қазақстан Ұлттық Банкімен, Қазақстан Қаржыгерлерінің Ассоциациясымен, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктер мен брокерлік ұйымдар өкілдерімен бірге валюта нарығындағы сауда-саттыққа қолжетімділікті қамтамасыз ететін әр түрлі нұсқаларды әзірледі.

Ұлттық банк жиналысының отырыстарында брокерлік ұйымдардың валюталық нарыққа рұқсаттаманы екі кезеңде беру туралы келісімге келді. Бірінші кезеңде брокерлік ұйымдар сатылған және / немесе сатып алынған шетел валютасына толық алдын ала төлеу тәртіптемесінде және брокерлік қызметтерді жеке тұлғаларға ғана шектеп, күніне 100 000 АҚШ долларынан аспайтын бір клиентке нетто-сатып алуды шектеуге рұқсат етілді (нетто-валютаның сатылуы шектелмеген). Екінші кезеңде – ішінара қызмет көрсету және қызмет көрсетілетін клиенттердің санын көбейту тәртіптемесі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 9 қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыру" ережелеріне брокерлік ұйымдарға валюталық нарықта биржалық сауда-саттыққа қатысу құқығына тиісті түзетулер енгізілді. 2018 жылғы 22 сәуірден бастап өз күшіне енеді.

Қазіргі уақытта биржада шетел валютасымен сауда-саттыққа қол жеткізу үшін брокерлік ұйымдарға мына шарттарды орындау қажет: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ұлттық және шетел валютасында банктік операцияларды жүргізуге лицензиясын алу; "валюталық" санаты бойынша қор биржасына мүшелікке өту процедурасынан өту.

Мүшелік жарналар және биржалық алымдар туралы ережеге сәйкес, брокерлік ұйым үшін "валюталық" санаты бойынша кіру жарнасы – 1500 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), ал "валюталық" санатына мүшелік ету бойынша ай сайынғы мүшелік жарна – 25 АЕК (айлық есептік көрсеткіш).

Бұдан басқа, брокерлік ұйым шетел валютасымен жасасқан операциялар бойынша әр мәміленің сомасынан 0.0005% мөлшерінде биржалық комиссия төлеп отырады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып

табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz